

Силовые способности (подтягивание в висе на перекладине, кол-во раз)	5,45	0,49	-3,34	<0,001	7,73	0,47
Активная гибкость (наклон вперед, см)	4,82	1,64	-1,48	>0,15	8,09	1,48
Силовые способности (поднимание туловища за 1 минуту, кол-во раз)	37,36	0,72	-6,16	<0,001	44,64	0,94
Скоростные способности (бег 100 м, сек)	17,87	0,15	1,60	>0,12	16,52	0,16

Полученные результаты за время основного исследования указывают на то, что достоверно значимый прирост наблюдался в экспериментальных группах

Таким образом, следует отметить положительное влияние занятий подвижными играми на развитие физических качеств и показатели, характеризующие физическую подготовленность учащихся 6-х классов.

Наблюдаемые положительные изменения, очевидно, связаны с тем, что учащимся экспериментальных групп были предоставлены подвижные игры, способствующие более рационально повысить уровень физической подготовленности детей.

Литература:

1. Апанасенко Г.А. Физическое развитие детей и подростков. – Киев: Здоровье, 1985. – 80 с.
2. Послание Президента РК народу Казахстана <http://www.sayasat.kostanay.gov.kz/?id=545&layout=edit>
3. Барков В.А. Педагогические исследования в физическом воспитании: Учебное пособие по курсу «Основы НИР» для студентов специальности п. 02.02. – «Физическая культура». – Гродно, 1995. – 68 с.
4. Годик М.А., Бальсевич В.К., Тимошкин В.Н. Система общеевропейских тестов для оценки физического состояния человека // Теория и практика физической культуры. — 1994. — № 5-6. — С.24-32.

Рахмет А.Р.; Жунусова Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, БО-21, БОПМӘ-31 тобының студенттері
(Ғылыми жетекші: п.ғ.к, доценті М.Н.Шаяхметова)

Тарихы жоқ елдің, болашағы бұлыңғыр.

ҚАЗАҚ АТАУЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

«Тарихты білмеу – тамырсыздық», - деп Мұхтар Шаханов атамыз айтқандай қазақ бола тұрып, «қазақ» сөзінің түп тамырын, шығу тарихын, этимологиясын білмеу біз үшін үлкен сын. Сонау ғасырлар бойы жинақталған қазақ елінің тарихында «қазақ» сөзін зерттеп, зерделеген ғалымдар мен даналардың саны шексіз. Олардың еңбектері бізге аңыз ретінде де, жазба деректер ретінде де келіп жетті. «Қазақ» сөзінің мағынасына қатысты зерттеу жұмыстары екі жарым ғасырға жуық уақыт жүргізіліп келе жатса да, зерттеу жұмыстарының көпшілігі «қазақ» сөзіне қатысты жазылған мақалаларға шолулар бойынша жасалған көзқарастар мен пайымдаулардан тұрады. Көзқарастардың кейбірі көңілге қонымды болжамдар болса, енді біреулері аңыз-әңгімелерге сүйеніп жасалған этимологиялар болып келеді. Қазақ ұлтының атауының (ғылым тілінде этнонимнің) шығу тегі, мән-мағынасы мен сөз төркіні әлі толық зерттеліп біткен жағдай емес. Пікір таластары өте көп, бірақ тоқ етер жауап жоқ. Бұл жерде ескеретін бір негізгі жағдай - қазақ халқының құрылу, қалыптасу тарихымен уақытын «қазақ» атауының шығу кезеңімен айыра білу қажет. Өйткені бір халықтың тарихи қалыптасуы мен оның атының шығуы деректемелерде бір мезгілде бола бермейді.

«Қазақ» атауы туралы аңыздардың өзі де неше түрлі болып келеді. Кейбіреуі аңызға айналған оқиғаға байланысты, алдымен «қаз-ақ» немесе «қыз-ақ» сөзі пайда болып, онан соң

ру-тайпа атына айналғаны жөнінде әңгіме шертеді; ал кейбір аңыздарда алдымен «Алаш» қауымы және «Алаша хан» жөнінде әңгіме шертiлiп, онан соң жалпы халық аты «қазақ» келiп шыққаны жөнінде айтылады. Кейбір зерттеушілер «қазақ» сөзін тарихтағы ру-тайпа аттарына байланыстырады; ал кейбір зерттеушілер «қазақ» атауын арабтардың «хибай», «жүзәги» деген сөздеріне, моңғолдардың «хасаг» сөзіне байланыстырады. Еліміздің тарихшылары жазба тарихи деректерге аты ертеде түскен «аса», «кіса», «хаса» сияқты рулық-ұлыстық елдер атына, үйсіндердің атына байланыстыра зерттесе, Кеңес Одағының кейбір зерттеушілері соңғы кезде қазақ ұлтының атын орыс казактарының атымен байланыстыра зерттеді. Алайда, ең алғаш рет «қазақ» термині 1245 жылы Мамлюктік Египет елінде қыпшақтар мекендеген жерде араб-қыпшақ сөздігінде кездеседі. Бұл сөздік «қазақ» терминінің жазбаша дерекке түскенінің дәлелі. Осы алғашқы терминнің мағынасын зерттеген ғалымдар «қазақ» сөзіне «кедей, жалаңаш, баспанасыз, отанынан безген» деп анықтама берілген. Бірақ, уақыт өте келе ғалымдардың қызығушылығын тудырып, осынау ұлы халыққа бұл жасалған пайымдау сай ма? деген сұрақ туғызды. Сөздікті қайта ашып, зерттеу барысында қателік кеткенін байқаған ғалымдар яғни, «المجرد» [әл-мужәррад] емес «المحرّد» [әл-мухәррад] екенін анықтады. Бір әріптің қате кетуінен «қазақ» атына кір келтіргені рас. Әрине, бұл сөздік ескі болғандықтан әріптері көнеленгенде шығар. Ал енді дұрыс мағынасында «қазақ» термині «үйге кірген, үйлі болған, бөлінген» деген мағынада түсіндірілген, үй дегені жай үй емес «пішіні түйенің өркеші тәрізді үй» деп анықтама берілген. Бұл біздің киіз үйімізді меңзеп тұрған сынды.

«Қазақ» сөзін «еркін, кезбе» деген мағынада аударған. Бұл аударма терминнің әлеуметтік мәнін көрсетеді. «Қазақ» термині қыпшақтар қоғамында қалыптасты деп айтылған ой өте дұрыс тұжырымдама, себебі кең қазақ өлкесі сол қыпшақтар өлкесінде орналасқан. Тағыда «қазақ» атауының шығуы жөнінде әуелде-ақ көп ізденіп, халық ішіндегі аңыздарды тереңінен зерделеп, молынан жинаған тұлға А.И.Левшин деуге болады. А.И.Левшин өзінің «Қырғыз-қазақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде қазақ-қырғыз атауының қалай шыққаны жөнінде жеті түрлі аңызға тоқталады. Оның бұл шығармасы 1832-жылы жарияланған. Осы шығармасын жазу үшін Кіші жүз қазақтары арасына барып, тікелей зерттеу жүргізген. Бірақ, Левшин жинаған жеті түрлі аңыз ішінде ең негізгісі – Алаша хан жөніндегі аңыз. Бұл аңызды Шоқан Уәлиханов та «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде жазған. Левшин жазған жеті түрлі аңыз ішінде бірінші, екінші аңыз Қазақ хандығы құрылған дәуірден бұрынғы мезгілді меңзейді. Әсіресе екінші аңыздағы түркі халықтары ұрпағымыз дейтін қазақ-қырғыздардың өздерін билеуші Шыңғысхан ұрпағымен алауыздығы ушыққаннан кейін, неше мыңдаған адамның туған жерін тастап батысқа ауып толығырақ айтсақ яғни, Есіл өзені бойына қоныстанып қалғаны жайында айтылады. Аңыздың нанымды бір жері – барлық түркі тілдес халықтар емес, олардың көші-қон кезінде жоғалған жылқысын іздеген 33 азаматы ғана Есіл өзені аңғарына қоныстанады. Олар кейін 33 рулы елге айналады. Оларға «қазақ» деген ат сіңеді. Әрине, бұл аңыз ретінде жеткен дерек. Ал енді тағы да бір «қазақ» атауының «Оғызнама» дастанындағы «қаңлы» тайпасының аты қалай қойылуымен қабысып жатыр. Қатпарлы тарихтың еңбектерінің бірінде «қазақ» атауы «өзбек», «өзбек-қазақ», «моғол», «ноғай» сияқты ұғымдармен қатар кездеседі. «Қазақ» атауының этимологиясын тек қана шет ел ғалымдары мен даналары ғана емес, қазақ жерінің тумаларыда зерттеді. Осы тумалардың бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың зерттеулерінде қазақтардың 1356 жылы Мауереннахрға шабуылда ғана, 1397-1410 жылдары қырым қыпшақтарының бір бөлігінің Литваға қоныс аударып, қазақтар деген атпен корольға қызмет еткені, 1481 жылы Ахмет ханға «1000 қазақпен» Ибақ ханның және Ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршының «15 мың қазақпен шабуылдағаны» туралы мәліметтер келтіріледі. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде де Әбілқайыр хандығынан Керей мен Жәнібектің «өзбек-қазақ» ұғымынан «қазақ» сөзін бөліп алып, қазақ ұлысын құрғанынан бастап, қазақ атауының қалыптасқанын көруімізге болады. «Қазақ» сөзінің ерте кезде шыққанын дәлелдеген ғалымның бірі – француз академигі П.Пелио. Ол ғалымның зерттеуінде қазақтар Каспий мен Арал теңізінің бойында мекендеген халық. Мысалы, қазақтар жөніндегі ең

беделді ағылшын маманы болып табылатын, Орталық Азия, Шығыс және Африка жөніндегі зерттеу орталығының директоры Ширин Акинердің пікірі мынандай: «Қазақ» сөзінің этимологиясы әлі күнге дейін құпия қалып отыр. Халық этимологиясы бұл сөздің шығу тегін «Қаз» және «ақ», яғни «ақ қаз» \ежелгі тотемдік символ\ туралы аңызбен байланыстырады. Осы мәселеге орай көптеген теориялар ұсынылғанмен, тарихшылар мен филологтар бұдан өзге нанымды түсінік бере алмай отыр». (Ш.Акинер «Қазақ сана-сезімінің қалыптасуы. Тайпадан ұлттық мемлекетке дейін»).

Бұл мәселелер жөнінде алғаш пікірлер айтқан ғалымдарға Г.Ф.Миллер, П.И. Рычков, В.Н.Татищев, И.Г.Георги, И.Г.Андреев, Н.М.Карамзин жатады. Бұл ғалымдардың еңбектері XVIII ғ. 50-ші жылдарынан – XIX ғ. 30-шы жылдарына дейінгі аралықта жарық көріп, Ресейде тарихнамасында өзіндік орын алған. Біз қарастылып отырған мәселелер бойынша олардың тұжырымдары әртүрлі және қателіктерге толы. Мысалға, П.И. Рычков қазақтарды «қырғыз- қайсақ» деп ұғынып, «қырғыз» және « қайсақ» сөздерінің мәнін түсіндіруге тырысады. Ол «қырғыз» - «далада жүретін», «үйсіз адам», ал « казак» - «бөлінген», « кетіп қалған» деген мағынаны береді деп жазады». Ал қазақ халқының шығуы жөнінде « олардың алатау қырғыздарының шыққаны ешбір даусыз» - дейді. Ал В.Н. Татищев болса «қазақ» сөзін « қашқындар» деп түсіндіреді. И. Фишер: «Қазақтарды қырғыздармен түбі бір халық деп есептеп, қырғыздарды – буркут қырғыздары, ал қазақтарды- қырғыз козактары деп атайды да, козак- халықтың атауы емес, татар тілінде семьясы жоқ немесе тұрақт баспанасы жоқ адамды білдірген деген тұжырымға келеді. И.Г. Андреев болса, қырғыз деген атаумен үш халық белгілі деп, оларға Енисей қырғыздарын, бурут немесе қара қырғыздарды және қайсақ немесе хазактарды жатқызады да, оларды « қырғыз- қайсақтар» деп атайды. XX ғасырдың екінші жартысында « қазақ» сөзіне байланысты тың пікір айтқан В.П.Юдин болды. Ғалымның мақаласы өткен ғасырдың 60- жылдарының соңында жазылды, бірақ еш жерде жарияланбай, автор қайтыс болғаннан кейін 18 жылдан соң барып жарық көрді. Автордың бұл мақаласының бірінші бөлімінде бұған дейін әртүрлі басылымдарда айтылып келген «қазақ» сөзінің шығуына қатысты 22 сөз талданды. 22 сөздің әрқайсысына жеке- жеке тоқтап «кази- хақ», «каз-ақ», «қазаға» сөздерінің ойдан шығарылғандығын дәлелдеп, «қазақ» сөзінің шығу төркінін түсіндіруде негізсіз деп көрсетеді. Сондай- ақ «қазақ» сөзінің түбін «ғұз- сақ», «қай-сақ», «кас- пи» сөздерімен байланыстыру да дұрыс емес деп көрсетеді.

Міне, XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылуымен қатар этникалық мәнге ие болған қазақ сөзі күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, еліміздің байырғы, негізгі, басты мемлекет құраушы халқының атауы ретінде қолданылып келе жатыр.

«Қазақ» сөзіне тағыда бір тарихи деректерде «үйлі болған, үйленіп еншісін алған» деп те аударлады. Бұл сол заманда-ақ қазақтардың салт-дәстүрінің болғанын айқындап тұр. Бұл салттың әлі күнге дейін сақталуы әрине таңғаларлық ,себебі сол кезеңде қазақтар ғана осы салтты ұстанғандықтан ғалымдар осындай тұжырымға келді деп ойлаймын.

«Қазақ» сөзіне анықтама бергенде сақтарменде байланыстырады. Себебі, «Алтын адамның» қазақ даласынан табылуыда дәлел болып отыр. Ал сақтар өз заманында жауынгер, ержүрек, батыл, дана халық болған. Онда біздің халықтың текті екеніне көз жеткізуімізге болады. «Қазақ» сөзіне қатысты алғашқы ой-пікірлерін білдірген ғалымдардың еңбектері Ресейде XVIII ғасырдың ортасынан бері жарық көре бастайды. Содан бергі өткен 2,5 ғасыр ішінде бұл мәселеге тарихшылардан басқа қоғамдық ғалымдардың көптеген өкілдері атсалысып, өзіндік тұжырымдарын, ойларын ортаға салды.Қазіргі кезде «қазақ» сөзіне қатысты пікір айтқан ғалымдардың еңбектерін жинақтаудың және оларға талдау жасаудың өзі үлкен іске айналып отыр.

Бес әріптен тұратын қазақ сөзінің мағынасын қазақ даласының сан ғасырлар бойы жиған-тергенін бір ғана анықтамамен түсіндіру мүмкін емес.

Кейбір деректерге сүйенсек «қазақ» сөзі – жауынгерлік ұғым ретінде қарастырылған.

«Қазақ» сөзін зерттеген Сәкен Сейфуллин атамыз «Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат» атты еңбегінде, Мұқаметжан Тынышбайұлы деген тарихшының еңбегіне сүйене отырып қисынын былайша өрбітеді:

1) Наков деген орыс шежірешісі: «1223-жылы Шыңғыс әскері Кавказ тауынан асып келіп, «қазақ»(касах) жерін басып, қыпшақтарды қиратып, сонан соң орыстарды қиратқан» деп жазған.

2) Атақты Ноғайханның заманында, Кавказдан черкестерді шақырып келіп, Рылск деген қаланың маңына орнатқан. Сол черкестер өздерін өздері «қазақпыз» деген.

3) 1397-жыл мен 1410-жылдарда Қырым татарларының біразы Литва еліне ауып барған. Литва королінің хат тасушысы қызметінде болған татарлар «қазақ» атанған. Ол кезде орыстың «казак-орыс» дегендері шықпаған кез еді.

4) Күншығыс жақта 1456-жылы Жәнібекті хан көтерген ноғайлар – казак атана бастап Қазақ хандығын құрғанда, 1474-жылы Қырым ханы Меңлікерей, 3-Иван атты орыс князіне жазған хатында: «Сенің жеріңді тартып алуға мен ұландарымды, мырзаларымды - казактарымды жібермеймін» - деген.

5) 1523-жылы Морозов деген орыс Түрік сұлтанына айтқан сөзінде: «сенің казактарың бізге тие береді» деген.

Бұл мағлұматтардан көретін нәрсе мынау: көп елінен оқшауланып шығып, жауынгерлік кәсібінде болғандарды «казак» деген!»- депті Сәкең.*(Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ тарихынан қысқаша мағлұмат» деген еңбегі Алматыда 1997жылғы Е.Аққошқаров құрастырған, «Қазақ тарихынан» кітабының 284-321-ші беттерінде жарияланған).

Шоқан Уәлихановтың айтуынша: «казак сөзінің әргі мәні – жан мен тәннің еркіндігі мен биік рухын білдіретін, европалық серілікке(рыцарство) тән!»- екен.

Бүгінгі Ресейдегі Құмық, Ноғай атты халықтар тілінде «казак» сөзі әлі күнге дейін «жауынгер» деген мағынасын жоғалтпапты.

Орыстың әйгілі тарихшылары Н.М.Карамзин, В.В.Бартольд, В.Даль, В.В.Радлов, П.Бутков, Г.Ф.Благова және тағы басқалары, «казак» есімін зерттеп, оның әскери термин екенін және көне түркілерден шыққан әскери дәстүрдің атауы екенін атап өткен. Әйгілі «Тихий Дон» романының авторы, жазушы М.Шолохов : «На Дону я – казак, на Урале – казах», - деп, «орыс-казак» дегеннің түбі түркі текті халық екенін меңзеген.

Осынау көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған «казак» сөзі, біздің тарихымыздың дамуына да үлкен үлесін қосып жатыр. Былтыр ғана Қазақ хандығына 550 жыл толып, үлкен іс-шаралар жүргізілді. Сол кезде казак халқының қаншама қиын кезеңдерді бастан өткізіп, болашақ ұрпақтары үшін қасық қаны қалғанша күресіп, шабуыл жасаған елдерге тойтарыс беріп отырған. Осы 550 жылдың ішінде тарихи құндылықтары мен әдет-ғұрыптарын сақтап, бізге мұра етіп қалдырды. Бұл деректерді көре отырып, ата-бабамыз қорғаған атқа лайықпыз ба? деген сұрақ туындайды. Қазіргі таңда «казак» деген сөзді білетін елдер саны артып жатыр. Олар бізге «казак» сөзінің мағынасын түсіндіруін өтінсе не айтамыз, қалай түсіндірсек болады деп қиналмас үшін, біздің дана халқымыз «Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз», - деп айтқандай «казак» сөзінің мағынасын, этимологиясын біліп алсақ кем болмайды.

Біріншіден, « казак» сөзі – зерттеушілердің бәрі дерлік мойындап отырғанындай көне түрік сөзі, түркі тілдес тайпалардың ортасында қолданыста болып, өз руынан, елінен, мемлекетінен бөлініп кетіп немесе қашып кетіп, өз бетінше ешкімге бағынбай, дербес, еркін, азат жүрген адамды, адамдарды білдірген. Алғашқы кездегі «казак» сөзі тек әлеуметтік мәнде ғана түрік дәуірінен X ғасырға дейін қолданылған.

Екіншіден, X- XIII ғасырларға дейінгі аралықта «казак» сөзі өзінің негізгі мағынасы сақталса да, мәні аздаған өзгерістерге ұшырайды. Осы кезеңде «казак» сөзінің әлеуметтік-этникалық мәнге ауыса бастағанын байқаймыз.

Үшіншіден, XIII ғасырдан XV ғасырдың ортасына дейін моңғолдар жаулап алған аймақтарда билік үшін болған саяси күрестердің әсері бұл сөзге де тиіп, казак – сөзі уақытша саяси – әлеуметтік мәнге ие болады.

Төртіншіден, Қазақ хандығының құрылуы кезеңінде, яғни Керей мен Жәнібек хандарының басшылығымен «көшпелі өзбектер» қауымдастығының бір бөлігі одан бөлініп кетіп, оншақты жылдан соң олардың Дешті Қыпшаққа қайта келгеніне дейінгі аралықта

қазақ сөзі- саяси- этникалық мәнде қолданылады да, соған сәйкес «өзбек- қазақ» атауы пайда болады.

Бесіншіден, Қазақ хандығының Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалар ортақ этникалық атаумен- қазақ атауымен атала бастады. Біз бұл атауды таза этникалық мән дей отыра, қазақ сөзін этноним деп ұғынамыз.

« Өткен күн, кеше,- тарих

Келер күн, ертең,- сыр

Ал бүгінгі күн – үлкен сый »,-деп Қорқыт бабамыз айтпақшы өз тарихымыздың қалай басталғанын білсек, «қазақ» деген сөз қаншама ғұлама ғалымдардың назарын аударып, әлі күнге дейін зерттеліп жатқанын ескерсек, біздің ұлтымыздың текті екеніне көз жеткізуімізге болады. Әрбір намысшыл қазақ өзінің қайдан шыққанын білуі міндетті деп ойлаймын. Ғасырлар бойы жиналған тарихымыздың әрі қарай өрбуі өз қолымызда. Нақтырақ айта кететін болсақ, тарихымыз қалай бастау алды әрі қарай біз қалай еңбек етеміз, солай жемісінде көрмекпіз. Қазақ елі әліде болсын өсіп,өніп жатқан ел. Тарихымызды терең білсек, болашағымыз жарқын болмақ.

Әдебиеттер:

- 1.Прімбетова Е.Ө Қазақ елінің тарихы Алматы, 2003ж
2. Жақып Мырзаханов Тарих қойнауынан Алматы «Жалын баспасы» 2004
- 3.Тлеужанова М.К., Садуақасова А.Ж., Эверо,2015
4. Қазақ энциклопедиясы 2003 ББК 92 я2
5. Ғабжалилов. Х.М Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде 1 том .2008 ж
6. <http://old.abai.kz/content/kazak-sozinin-magynasy>

Сарыбаева З.У., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультеті, МИЯ-52 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., Ақбаева Г.Н.*)

ПӘНАРАЛЫҚ ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі жағдайында саяси және экономикалық құрылымдар мен әр түрлі елдердің интеграциялық білім беру жүйелері ұқсастыққа келтірілуде. Елдердің бірегей мәдени-тарихи дәстүрлері мен тілдік әртүрлілігі ескеріле отырып, олардың жан-жақты байланыстарын белсендіру, халықтың мобильділік деңгейінің өсуі көпмәдениетті және көптілді әлемдегі қарым-қатынас үшін қажетті білім мен іскерлікті меңгеруді талап етеді. Осыған байланысты шетел тілдерінің білім беру мәні артуда.

Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігінің жоғары оқу орындарына «лайықты деңгей мен бағдарға сай, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті, құзыретті, өз мамандығын жетік меңгерген, мамандығы бойынша әлем стандарттарының деңгейінде нәтижелі жұмыс істей алатын білікті мамандарды дайындау» туралы қойылған міндеттері тілдік емес мамандық студенттерін кәсіби дайындауда басқа тілді коммуникативтік құзыретін қоса дамыту мәселесін қайта қарастыруды қажет етеді. Аталған мәнмәтінде болашақ мамандардың шетел тілін практикалық меңгеруі тек халықаралық қатынас құралы үшін ғана емес, жоғары оқу орнында оқу барысында кәсіби - жеке тұлғалық дамуы өзекті болып отыр. Әрбір кәсіби білім беру мақсаты жоғары деңгейлі, құзыретті болашақ маманды даярлау [1] болып келеді. Айта кететін жайт, 2016-2019 жылға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаларында және 2016-2020 жылдарға арналған үштілдік білім беруді дамыту Жол картасында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде пәнаралық байланыс негізінде оқытуды жүзеге асыру мен іс-шаралар кезең кезеңмен жоспарланған. Осыған орай, орта және жоғары оқу орындарының профессорлық - оқытушылық құрамның алдында білім беру мазмұнын қайта